**Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 Бұйрығына өзгерту енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитетінің 2001 жылғы 18 шілдедегі N 69-П бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1616. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 сәуірдегі N 3444 "Отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін Қазақстан Республикасында экономиканың басым секторларының тізбесін бекіту туралы" жарлығының 1 тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 науырыздағы N 349 жарлығымен бекітілген экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру ережесінің 2 тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 "Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызмет көрсететін инвесторлармен келісім-шарт жасасқанда берілетін жеңілдіктер мен преференцияларды беру процесін жетілдіру туралы" бұйрығына келесі өзгерту енгізуді:

3 қосымшадағы "2002 жылға дейінгі мерзімге отандық және шетелдік тікелей инвестиция тарту үшін маңызды өндірістер тізімі"

2 тараудағы "Өңдеуші өнеркәсібі" "Көпіршікті титан шығаруда жергілікті шикізатты пайдаланып өндіру" жолы мынадай редакцияда баяндалсын: "титан қоқысты шығаруда жергілікті шикізатты пайдаланып өндіру"

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күннен бастап күшіне енеді.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы
Сыртқы істер министрлігінің
Инвестициялар жөніндегі комитеті
Төрағасының "Қазақстан Республикасының
Инвестициялар жөніндегі агенттігі

Төрағасының 2000 жылғы 14 сәуірдегі N 01/7 бұйрығына өзгерту енгізу туралы" Бұйрығына

**КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ**

| Мемлекеттік мекемелердің атаулары | А.Т.Ә | Лауазымы | Қолы/мерзімі |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі | Абусеитов Қайрат Хуатович | Вице-Министр | |
| Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі | Нурпейсов Қайрат Аймухамбетович | Вице-Министр | |
| Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі | Досаев Е.А. | Вице-Министр | |
| Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі | Андрюшенко | Вице-Министр | |
| Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі | Нефедович | Вице-Министр | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК